

Ортаңғы топ	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№1				
Күндері	30.08 - 03.09.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Балабақша /Мой детский сад / My kindergarten				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жекеменшік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Назира				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Педагогтің балалармен қарым-қатынасы: баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналарға арналған ұсыныстар, балаларда жағымды көңіл-күй тудыратын, қарым-қатынасқа түсіретін ойындар ойнату; балаларға қолайлы орта туғызу; ата-аналармен сөйлесу, кеңес беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)			"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктеріне ынталандыру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы, құрылыс ойындары)			"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары арқылы дидактикалық ойындар ойнату.	"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлшектерге бөлінген суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Мазмұны: балалар "Сиқырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атап, түсін айтады.
	Кешенді жаттығулар "Күннің шыққаны жақсы ма?" Күннің шыққаны жақсы ма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Желдің соққаны жақсы ма? (желді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Достарыңмен жүрген жақсы ма? (адымдайды) Анаңды құшақтаған жақсы ма? (өздерін құшақтайды) Жақсы! (алақандарын соғады) Туған өлкеде жақсы ма? (құшақтарын жаяды) Жақсы! (алақандарын соғады) Үйіміз бар жерде жақсы ма? (үйді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Биде айналған жақсы ма? (айналады) Жақсы! (алақандарын соғады)				
Таңғы жаттығу (5мин)					
(көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	орындыққа өздері отырып-тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, ұйымдастырылған	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

оқу қызметіне дайындық			Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй және оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй және оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.
------------------------	--	--	---	---	---

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ			Дене шынықтыру "Әдемі сап түзейміз!" Мақсаты. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. <i>"Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.</i>	Құрастыру "Балабақша - біздің үйіміз" Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. <i>"Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Қоршаған ортамен танысу "Менің отбасым" Мақсаты. Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуға үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. <i>"Отбасы мүшелерін ата"</i> <i>дидактикалық ойыны.</i> Музыка "Біздің балабақшада ойыншықтар көп" Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. <i>«Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы» музыкалық-дидактикалық ойыны.</i>	Жаратылыстану "Табиғат ғажайыптары" Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғат туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; ауа-райын бақылауда маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуге үйрету; балабақша туралы түсінік беру. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. <i>"Жанды және жансыз табиғатты ата"</i> <i>дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Сапқа тұрайық" Мақсаты. Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту. <i>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.</i> Сурет салу "Түрлі-түсті доптар" Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуға үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. <i>Саусақ жаттығуы. "Түймеше".</i>
----------------------------------	--	--	---	---	---

Серуен			Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Күзгі ағаштарға бақылау. Мақсаты: балалардың ағаш туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту; қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру; адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсаты: еңбекке деген құштарлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: “Түсті автокөліктер” (мөлшері 2-3рет). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Мақсаты: балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру; үлкендер еңбегін бағалай білуге; қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында аз да болса өз үлестерін қосуға шақыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (гүлдерді қораптарға жинау). Мақсаты: жетілген және жетілмеген тұқымдарды ажырата білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді. Жапалақтар күндіз ұйықтайды, ал түнде керісінше оянады. Тышқандар күндіз жапалақтар ұйықтағанда үйлеріне жету керек. Педагог түн болғанын айтқанда жапалақтар үйіне жете алмаған тышқандарды қуады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Күзгі табиғатқа бақылау. Мақсаты: балаларды табиғат құбылысымен таныстыру; күзгі табиғат өсемдігінен ләззат ала білуге баулу; қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсаты: еңбекке деген құштарлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: “Поезд” Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Барысы: педагог балаларға өзінің паравоз болатынын, ал балалар вагон болатынын айтады. Паравоз белгі бергенде поезд ақырындайды, содан кейін жылдам, тез жүреді. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу.				
Үйге оралу					